

## *«Кактус» графикалық әдістемесі*

**Мақсаты:** баланың эмоционалдық жағдайын анықтау, агрессияны анықтау.

«Кактус» әдістемесі үш жастан асқан балаларға арналған графикалық әдістеме.

Диагностика аларда баланың алдына стандартты қағаз бен қара қарындаш беріледі. Мүмкіндік болса, «люшердің» түстерін қолдануға болады.

Нұсқау: «Мына ақ қағаздың басына өзің қалағандай кактустың суретін сал.»  
Сұрақтар қойылады. Нәтижесін өндегенде, көлеміне, орналасуына, санынына көңіл бөлу қажет.

**Суретте баланың келесідей қасиеттері байқалуы мүмкін:**

*Агрессия* – Қатты салбырап тұрған инелер. Бір-біріне жақын орналасқан ұзын инелер, баладағы жоғары агрессивтілікті көрсетеді

*Импульсивтілік* –сызықтарды қатты басу. Үлкен және парақтың ортасында салынған сурет- эгоцентризмді, лидерлікке ұмтылысты білдіреді.

*Өзіне деген сенімсіздік, тәуелділік* –парақтың төмен жағына салынған кішкентай сурет.

*Өзін жариялау, көрсету және ашықтық* – кактусқағы қосымша шөптер, форманың анықтылығы.

*Жасырынушылық, сақтық* – кактустың ішінде немесе сыртында салынған зигзаг.

*Оптимизм* –«қуанышты кактус», яғни, ашық түстерді қолдану.

*Үрей* – кара түстерді қолдану, іштегі штрихтар.

*Экстравертивтілік*-Кактустағы басқа кактустармен, гүлдер.

*Интровертивтілік* – Суретте, бір ғана кактус салынса.

*Үйдің қорғанысына ұмтылу* – кактус ыдыста салынған болса.

*«Жалғыздық» сезіну* – құмдағы кактус салынса.